

## Темекі өнімдерін тұтынудың зияны туралы ескертудің мәтіндерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 16 шілдедегі N 536 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 2416

**Күші жойылады - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а . 2009.11.11 N 692/1 (қолданысқа енгізілу тәртібін 6-тармақтан қараңыз) Бұйрығымен.**

"Темекі шегудің алдын алу және шектеу туралы"»Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2003 жылғы 16 мамырдағы N 382 бұйрығына

с ә й к е с

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. Қоса беріліп отырған темекі өнімдерін тұтынудың зияны туралы ескерту мәтінін бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Денсаулық сақтау вице-Министрі С. Дикамбаеваға жүктелсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Министр*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Д е н с а у л ы қ

с а қ т а у

м и н и с т р і н і ң

2 0 0 3

ж ы л ғ ы

1 6

ш і л д е д е г і

N 536 бұйрығымен бекітілген

## Темекі өнімдерін тұтынудың зияны туралы ескертудің мәтіні

Темекі өнімдерін тұтынудың зиянын ескерту туралы мәтін Негізгі және қосымша ескертпе жазбалардан тұрады.

Темекі өнімдерін тұтынудың зияны туралы негізгі ескертпе жазбаның мәтіні:

"Шылым шегу сіздің денсаулығыңызға өте зиянды",

"Курение серьезно вредит вашему здоровью";

Темекі өнімдерін тұтынудың зияны туралы қосымша ескертпе жазбаның мәтіні:

1) "Шылым шегу өлімге алып келетін аурулар туғызады",

"Курение вызывает смертельные заболевания";

- 2) "Балаларды темекі түтінінен қорғаңыздар",  
"Защитите детей от дыма сигарет";
- 3) "Темекі шекпейтіндердің өмірі ұзақ",  
"Кто не курит-тот живет дольше".

Темекі шегудің зияндығы туралы негізгі және екі қосымша ескерту жазбалардың мәтіндері өндірілетін темекі өнімдері қаптамаларына тең көлемде орналастырылады.

Темекі шегудің зияндығы туралы ескерту жазбасының мәтіні пачкінің әрбір үлкен бетінде тілдердің бірінде: бір жағында - қазақ тілінде, ал екінші жағында - орыс тілінде орналастырылады.

Темекі шегудің зияндығы туралы ескерту жазбасының мәтіні қаптамалардың жыртып алынатын (ашылатын) бөлігінен кейінгі жерге орналастырылады.